

*Қосымша***Бірінші сыныпқа қабылдау туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 1 сәуірінде бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау басталады.

2024 жылғы 23 ақпанда ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Қол қойылған Заң шеңберінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен балаларды 1-сыныпқа оқуға қабылдау барысында тест немесе конкурс рәсімдерін қолданбау қарастырылған.

Қазіргі уақытта гимназиялар мен лицейлердің бірінші сыныбына балаларды қабылдау бойынша Министрлік «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрықтың жобасын әзірледі және мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберді.

Бұйрық жобасында балаларды гимназиялар мен лицейлердің 1-сыныбына қабылдау кезінде емтихан өткізу нормасы алып тасталды. Гимназиялар мен лицейлерге 1-сыныпқа қабылдау ата-аналар берген өтініштер тәртібімен жүзеге асырылады. Бұйрық ағымдағы жылдың сәуір айында қабылданады деп жоспарлануда.

Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары дайындық деңгейіне қарамастан, білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және ағымдағы жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 31 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Өтініштерді электронды және қағаз түрінде қабылдаудың соңғы күні 31 тамыз, сағат 18.30-ға дейін.

Өтінішті "e.bilimal.kz", порталы арқылы беруге болады келесі құжаттарды ұсына отырып: баланың ата-анасынан немесе заңды өкілінен еркін нысандағы өтініш талап етіледі, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; 026/у-3 нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат; 063/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат; баланың 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті көрсетілетін қызметті берушіге қағаз түрінде: ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің өтініші; жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін қажет, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады); денсаулық жағдайы туралы анықтама № 065/у; бала денсаулығы паспорты 026/у-3; баланың 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосуреті. Өтініш бір жұмыс күні ішінде қаралады. Бірінші сыныпқа 6 жастан бастап балалар келеді. Сондай-ақ, 2023 жылдың аяғына дейін 6 жасқа толатын балалардың ата-аналары бірінші сыныпқа өтініш бере алады.

Бірінші сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды қабылдау 1 сәуірден 31 тамызға дейін жалғасады.

Білім беру ұйымы бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 31 тамызынан кейін шығарады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Теміртау қаласының білім беру ұйымдарында "**өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы**" бар, онда қандай да бір мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, оның ішінде 1-сыныпқа қабылдауға кез келген келуші оны пайдалана алады және қажет болған жағдайда кеңес ала алады. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында интернетке қосылған ноутбук немесе компьютер және құжаттарды сканерлеу немесе басып шығару үшін көпфункционалды принтер бар. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша барлық қажетті құжаттар бар.

Құжаттар толық емес болса қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады!!!

Мектепке қабылдау туралы барлық сұрақтар бойынша мектеп директорына хабарласуларыңыз қажет.